

Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 918 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 25 қыркүйектегі
N 918 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, үшінші елдермен саудада кедендік рәсімдерді оңайлату мен үйлестіру мақсатында, ынтымақтастыққа және осы процессті жылдамдату жолдары мен құралдарын іздестіруге дайын бола тұрып, әлемдік экономикалық процестерге белсенді қатысуға ниет ете отырып,

өзара пайда мен халықаралық құқық негізінде елдер арасындағы сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға тілек білдіре отырып, көпжақты сауда жүйесін нығайтуға жәрдем көрсету және сауда саласындағы қатынастарды дамыту шешіміне ие бола отырып, Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімді (ТСБК/ДСҰ) назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Келісімнің мақсаттары

Тараптар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдайды.

Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін, Тараптар мемлекеттерінің аумағына үшінші елдерден тауарлар әкелу үшін шығарылған елді айқындауға бірыңғай тәсілдерді қолдану тәртібін белгілеу осы Келісімнің мақсаты болып табылады.

2-бап. Келісімнің қолданылу аясы

Осы Келісім тауарлардың үшінші елдерден шығарылуын айқындау үшін Тараптар мемлекеттерінің аумағында қолданылады.

Осы Келісімнің әрекеті әкелу еліндегі преференциалдық тауарларға қатысты қолданылатын, шығарылған елді айқындау ережесіне сәйкес әкелу елінің ұлттық преференциялар жүйесін пайдаланушы елдерден шығарылатын тауарларға, сондай-ақ халықаралық шарттарда белгіленген шығарылған елді айқындау ережесіне сәйкес Тараптардың мемлекеттері олармен тауарлардың шығарылған елін айқындаудың өзге ережесін қамтитын еркін сауда аймағын құру туралы халықаралық шарттар мен еркін сауда туралы шарттар жасасқан елдерден шығарылатын тауарларға қолданылмайды.

3-бап. Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі және кедендік реттеу саласындағы ынтымақтастық

Осы Келісімге қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігін білдіретін Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қ а м т и д ы .

Тараптар осы келісімді пәрменді қолдануды, саудаға байланысты формалдылықтарды мүмкіндігінше қысқартуды қамтамасыз ету, осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты туындайтын кез-келген келіспеушіліктердің өзара қолайлы шешіміне қол жеткізу мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды.

4-бап. Келісімге өзгерістер

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап. Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені Біртұтас

экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға дауды шешуге бере алады.

6-бап. Келісімге қосылу туралы

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалған халықаралық шартта белгіленеді.

7-бап. Ескертпелер

Осы келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді

8-бап. Қорытынды ережелер

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістікті құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі _____ туралы _____ хаттамада _____ белгіленеді.

200_ жылғы _____ каласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Украина Министрлер

Кабинеті үшін

Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісімге қосымша

Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесі Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесін қабылдау туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ажырамас бөлігі

болып табылатын Үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) үшінші елдерден шығарылатын және Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарына әкелінетін тауарларға қатысты қолданылады.

1-бап. Айқындамалар мен терминдер

Осы Ереженің мақсаттары үшін онда пайдаланылатын терминдердің мынадай м ә н д е р і б а р :

"тауардың шығарылған елі" - тауар толық өндірілген немесе осы Ережеде белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған ел, бұл ретте, егер оларды тауардың шығарылған елін айқындау мақсаттары үшін болу қажеттілігі бар болса, тауардың шығарылған елі деп елдердің топтары, не елдердің кедендік одақтары, не елдің өңірі немесе бөлігі түсінілуі мүмкін;

"үшінші елдер" - әкелу елінің ұлттық преференциялар жүйесін пайдаланушы болып табылмайтын елдер, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінде олармен тауарлардың шығарылған елін айқындаудың өзге ережелерін қамтитын еркін сауда аймағын құру туралы халықаралық шарттары және еркін сауда туралы шарттары жоқ елдер;

"жеткілікті қайта өңдеу өлшемі" - оған сәйкес тауар, егер оны өндіруге екі немесе одан да көп ел қатысатын болса, тауарға өзіне тән қасиеттерді беру үшін жеткілікті соңғы елеулі қайта өңдеуге ұшыраған елден шығарылған болып саналатын тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидаттарының бірі;

"тауар" - кедендік шекара арқылы өткізілетін кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде жылу, электр және энергияның өзге де түрлері мен көлік құралдары (жолаушылар мен тауарларды халықаралық тасымалдары үшін пайдаланылатын көлік құ р а л д а р ы н қ о с п а ғ а н д а) ;

"тауар номенклатурасы" - Тараптар мемлекеттерінде қолданылатын сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (СЭҚ ТН);

"қосылған құн" - франко-зауыт тауарының бағасы мен оны өндіру үшін пайдаланылатын импорттық шикізаттар мен материалдар құнының арасындағы айырма ;

"тауардың шығарылуы туралы сертификат" - тауар шығарылған ел туралы куәландыратын және тауар шығарылған елдің немесе егер әкетілетін елде сертификат тауар шығарылған елден алынған мәліметтер негізінде берілсе, әкетілетін елдің

уәкілетті органы берген құжат;

"франко-зауыт бағасы" ("франко-қойма") - оның экспорты кезінде төленетін немесе төленуі мүмкін барлық ішкі салықтарды есептемегенде, өндірісінде тауарды соңғы елеулі қайта өңдеу жүзеге асырылған өндірушіге төленген баға;

"тауар легі" - бір көліктік құжат бойынша бір жүкті алушының атына бір жүкті жөнелтушіден жіберілетін тауарлар, сондай-ақ бір почталық жүкқұжат бойынша жіберілетін не кедендік шекарадан өтетін бір тұлға қол жүгі ретінде өткізетін тауарлар;

"тауардың шығарылуы туралы декларация" - оларды әкетуге байланысты дайындаушы, жөнелтуші, экспорттаушы немесе өзге де құзыретті тұлға көрсетілген тауарларға қатысы бар кез келген құжатта жасаған тауарлардың шығарылуы туралы мәлімдеме.

2-бап. Елде толық өндірілген тауарлар

Мыналар белгілі бір елде толық өндірілген тауарлар болып есептеледі:

а) елдің жер қойнауынан (оның аумағында), оның аумақтық теңізінен (суларынан) немесе осы теңіздің түбінен өндіріп алынған пайдалы қазбалар;

б) белгілі бір елде өсірілген немесе жиналған өсімдік тектес өнім;

в) белгілі бір елде туған және өсірілген тірі жануарлар;

г) белгілі бір елде өсірілген жануарлардан алынған өнім;

д) белгілі бір елде аңшылық және балық аулау кәсіпшілігінің нәтижесінде алынған өнім;

е) белгілі бір елдің кемесімен алынған теңіз балық аулау кәсіпшілігі өнімі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі;

ж) белгілі бір елдің қайта өңдеуші кемесінің бортында "е" тармақшасында көрсетілген өнімнен ғана алынған өнім;

з) белгілі бір елдің, сол теңіз түбін немесе сол теңіздің қойнауын игеруге арналған ерекше құқықтары болған жағдайда, осы елдің аумақтық теңізінен (суларынан) тыс

жерлердегі теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім;

и) белгілі бір елде өндірістік немесе қайта өңдеу жөніндегі өзге де операциялар нәтижесінде алынған қалдықтар мен металл сынықтары (қайталама шикізат), сондай-ақ сол елде жиналған және тек шикізат күйінде қайта өңдеу үшін ғана жарамды, пайдалануда болған бұйымдар;

к) егер осы ел тиісті ғарыш объектісі тіркелген мемлекет болса, ғарыш объектілерінде ашық ғарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

л) белгілі бір елде осы баптың "а" - "к" тармақшаларында көрсетілген өнімнен ғана дайындалған тауарлар.

3-бап. Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдері

1. Егер тауарды өндіруге екі және одан көп елдер қатысатын болса, осы баптың ережелеріне сәйкес жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдеріне сай келетін тауарды қайта өңдеу немесе дайындау жөніндегі соңғы операциялар жүзеге асырылған ел тауардың шығарылған елі болып есептеледі.

2. Егер тауарлардың жекелеген түрлеріне немесе қандай да бір елге қатысты Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылған елін айқындаудың ерекшеліктері осы баптың 4-тармағына сәйкес өзгеше ескертілмесе, жалпы тәртіп қолданылады: егер тауарды қайта өңдеу немесе дайындау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде СЭҚ ТН бойынша жіктеу коды кез келген алғашқы төрт белгінің деңгейінде өзгерген болса, тауар сол елден шығарылған болып е с е п т е л е д і .

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген ережелерге қарамастан жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдеріне:

1) тауарды сақтау немесе тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

2) тауарды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (лекті бөлу, жөнелтуді қалыптастыру, сұрыптау, қайта орау);

3) оларды жүзеге асыру Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясы (бұдан әрі - БЭК комиссиясы) белгілеген тізбе бойынша тауардың жай-күйін елеулі өзгертпейтін

қарапайым құрастыру операциялары және өзге де операциялар;

4) егер түпкі өнімнің сипаттамалары араластырылатын тауарлардың сипаттамаларынан елеулі түрде ерекшеленбейтін болса, әр түрлі елдерде шығарылатын тауарларды араластыру;

5) мал сою сәйкес келмейді.

4. Тауардың шығарылған елін айқындау үшін сондай-ақ, БЭК комиссиясы белгілейтін тәртіппен жеткілікті дәрежеде қайта өңдеудің мынадай өлшемдері пайдаланылады:

1) бұл операциялар орын алған ел тауарлардың шығарылған елі болып есептелуі үшін жеткілікті белгілі бір өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындау;

2) қосылған құн түпкі өнімнің бағасында тіркелген пайыздық үлеске жеткен кездегі тауар құнының өзгеруі (адвалорлық үлес ережесі). Егер адвалорлық үлес ережесі қолданылған жағдайда құн көрсеткіштері:

импорттық материалдар үшін - бұл материалдардың оларды түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елге әкелу кезіндегі кедендік құны бойынша немесе импорттық материалдардың шығу тегі белгісіз болған кезде олардың түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елдің аумағында алғашқы сатылуының құжаттамалық расталған бағасы бойынша;

түпкі өнім үшін - сатушының "франко-зауыт" ("франко-қойма") шарттарындағы баға бойынша есептеп шығарылады.

4-бап. Тауарды легімен жөнелту

Бірнеше лекпен жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлардың шығарылған елін айқындау кезінде, егер өндірістік немесе көліктік жағдайлары бойынша оларды бір лекпен жөнелту мүмкін болмаса, сондай-ақ егер тауарлар легі қателік немесе мекен-жайына дұрыс жолданбау салдарынан бірнеше лекке бөлінген болса, декларанттың қалауы бойынша біртұтас тауар ретінде қарастырылады.

Осы ереже мынадай шарттар бір уақытта орындалған кезде қолданылады: мұндай бөлшектеудің себептерін көрсете отырып, бөлшектелген немесе құрастырылмаған тауарларды бөлшектеу туралы әкелу елінің кеден органын алдын ала хабардар ету, СЭҚ ТН-ға сәйкес тауарлардың кодтарын, әр лекке кіретін тауарлардың құны мен шығарылған елін көрсете отырып әр лектің толық сипаттамасын қоса беру,

не тауарды бірнеше лекке бөлу немесе мекен-жайына дұрыс жолдамау қателігін
қ ұ ж а т п е н р а с т а у ;

барлық лектерді бір елден бір жеткізушінің беруі;
тауардың барлық легін бір кеден органында кедендік ресімдеу;
барлық лектерді бір келісім-шарт шеңберінде жеткізу;

тауардың барлық легін кеден декларациясы қабылданған күнінен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде не бірінші лекке қатысты оны беру мерзімі өтіп кеткен кезде жеткізу. Тауар алушыға байланысты емес себептер бойынша тауарды жеткізіп беру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген мерзімде декларанттың дәлелді өтініші бойынша тауардың қалған легін әкелу мерзімін ұзартуы мүмкін.

5-бап. Тауарлардың шығарылған елін айқындау ерекшеліктері

1. Тауардың шығарылған елін айқындау үшін оларды өндіру немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылатын жылу және электр энергиясы, машиналар, жабдықтар мен аспаптардың шыққан тегі есепке алынбайды.

2. Машиналарға, жабдықтарға, аппараттарға немесе көлік құралдарына пайдалануға арналған құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен аспаптар, егер осы құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен аспаптар, техникалық құжаттарға сәйкес әдетте осы құрылғылармен бірге жеткізілетін және мөлшердегі жоғарыда көрсетілген машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге әкелінсе және пайдаланылса, сол машиналар, жабдық, аппараттар немесе көлік құралдары әкелінген елде шығарылған болып есептеледі.

3. Орама СЭҚ ТН-ға сәйкес тауардан бөлек қаралатын жағдайларды қоспағанда, кедендік аумаққа тауар әкелінетін орама сол тауардың өзі шығарылған елде шығарылған болып есептеледі. Мұндай жағдайда орама шығарылған ел бөлек а й қ ы н д а л а д ы .

Егер тауар кедендік аумаққа әкелінетін орама, тауардың өзі шығарылған елде шығарылған болып есептелсе, тауардың шығарылған елін айқындау үшін тауар, әдетте бөлшек саудада сатылатын орама ғана, оның ішінде адвалорлық үлес ережесін қолдану кезінде ескеріледі (3-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы).

4. Егер оның шығарылуы осы Ереженің шарттарына жауап беретін тауар басқа соңғы тауар өндірісінде пайдаланылатын болса, осы тауарды өндіру үшін пайдаланылған шикізатқа, материалдарға, жинақталымдарға қолданылатын шығарылу талаптары соңғы тауардың шығарылған елін айқындау кезінде назарға алынбайды.

6-бап. Тауардың шығарылған елін растау

1. Тауардың шығарылған елін растау үшін кеден органы тауардың шығарылуы туралы декларацияны, ал Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген жағдайда, тауардың шығарылуы туралы сертификаттың (бұдан әрі - сертификат) ұсынылуын талап етуге құқылы.

2. Әдетте, бір немесе бірнеше көлік құралымен бір жүк алушыдан және сол бір жүкті жөнелтушіге жүзеге асырылатын тауардың әрбір жекелеген жеткізіліміне сертификат ресімделеді.

3. Тауардың шығарылуы туралы декларация дайындаушы, сатушы немесе экспорттаушы тауарлардың әкетілуіне байланысты, тауарға қатысы бар қандай да бір құжатта еркін нысанда тауардың шығарылған елі туралы жасаған мәлімдемесін білдіреді. Мұндай құжаттарға: тауар көлік құжаттары (темір жол, автокөлік және әуе жүк-құжаттары, коносамент); шот-фактура (инвойс), шот - проформа (инвойс - проформа); орау парақтары, түсіру ерекшеліктері, сертификаттар (сәйкестік, сапа, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқалар) жатады.

4. Егер тауардың шығарылуы туралы декларацияда тауарлардың шығарылған елі туралы мәліметтер осы Ережеге сәйкес қолданылатын өлшемдерден өзгеше өлшемдерге негізделген болса, тауардың шығарылған елі осы Ережеге сәйкес қолданылатын өлшемдерге сай белгіленеді.

7-бап. Сертификатты ресімдеу

Сертификаттың бланкісі баспаханалық тәсілмен басылуға және ағылшын, француз, испан немесе орыс тілдерінде толтырылуға тиіс.

Сертификаттың қолданылу мерзімі берілген күнінен бастап 12 айды құрайды.

Сертификатта тазартулардың болуына жол берілмейді. Сертификатқа түзетулер қате ақпаратты сызу және сертификатты беретін уәкілетті органның қолымен және мөрімен расталатын түзетілген мәліметтерді енгізу жолымен енгізіледі.

Егер сертификатта тауарлардың шығарылған елі туралы мәліметтер осы Ережеге сәйкес қолданылатын өлшемдерден өзгеше өлшемдерге негізделген болса, тауардың шығарылған елі осы Ережеге сәйкес қолданылатын өлшемдерге сәйкес анықталады.

8-бап. Сертификатты толтыру

Сертификатта мыналар қамтылуға тиіс:
тауарды жөнелтуші/экспорттаушы/жеткізуші туралы мәліметтер (атауы,
м е к е н - ж а й ы , е л і) ;
бланктің реттік нөмірі; сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификатты беретін
уәкілетті органның логотипі, эмблемасы;
тауарды экспорттаушы, транзит және/немесе алушы елдің бақылаушы
органдарының қызметтік белгілерін, сондай-ақ қажет болған кезде мынадай "Көшірме",
"Сертификаттың орнына берілді", "Соңынан берілді" деген жазбаларды қамтуы мүмкін;

тауарды алушы/импорттаушы туралы мәліметтер (атауы, елі, мекен-жайы) немесе "
Мақсаты бойынша" деген жазба;
көлік құралдары және жүру бағыты туралы мәліметтер (барынша белгілі мәліметтер
б о й ы н ш а) ;

тауардың нөмірі, орындардың саны мен орамның түрі, тауардың сипаттамасы;
тауардың атауы және кедендік ресімдеу мақсаттары үшін мәлімделгенге қатысты
бір мәнді сәйкестендіру жүргізуге мүмкіндік беретін басқа да мәліметтер;

тауардың салмақтық не сандық сипаттамалары (тауардың іс жүзіндегі мөлшері
сертификатта көрсетілген тауардың мөлшерінен 5%-дан аспауға тиіс);

шот-фактура немесе шот-проформа, немесе тауардың қаржылық-мөлшерлік
параметрлері көрсетілген өзге де құжат туралы мәліметтер (жүк бір жүкті
жөнелтушіден және сол бір жүкті алушыға жіберілген кезде ұзақ мерзімді
келісім-шарттарды жүзеге асыру кезінде міндетті емес);

қажет болған кезде тауарды сәйкестендіру мақсаттары үшін өзге де мөлшерлік
к ө р с е т к і ш т е р ;

уәкілетті органның атауы мен мекен-жайы, мөрі мен сертификатта көрсетілген
мәліметтердің куәландырылған күні, сондай-ақ сертификатты растауға өкілеттік
берілген тұлғаның қолы мен тегі;

тауар толық өндірілген не жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған ел туралы мәліметтер,
тауардың шығарылған елі туралы мәліметтерді декларациялау күні, сондай-ақ өтініш
берушінің қолы мен тегі.

9-бап. Сертификатты берудің ерекше жағдайлары

1. Сертификат жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның ресми расталған
телнұсқасы ұсынылады. Телнұсқа берілген кезде, онда "Телнұсқа" деген сөз, жоғалған
түпнұсқаның нөмірі мен күні көрсетіледі, сондай-ақ телнұсқа берілген күні қойылады.
Сертификаттың телнұсқасы түпнұсқа берілген күнінен бастап күшіне енеді.

2. Сертификат тауар жөнелтілгеннен кейін де, тапсырыс берушінің жазбаша негізделген өтінішінің негізінде берілуі мүмкін, бұл ретте тапсырыс беруші көзделген құжаттар пакетімен қоса сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға тауардың іс жүзінде жөнелтілгенін растауды ұсынады. Бұл жағдайда сертификатта: "Соңынан берілді" деп көрсетіледі.

3. Қандай-да бір себептер бойынша бұрын берілген сертификаттың күші жойылған және күші жойылған сертификаттың орнына жаңа сертификат берілген кезде жаңа сертификатқа, күші жойылған сертификаттың нөмірі мен күні көрсетіле отырып "Сертификаттың орнына берілді" (орнына берілген сертификатқа жаңа нөмір беріледі) деген жазба енгізілуге тиіс.

10-бап. Кеден органдарына шыққан елді растауды ұсыну

1. Сертификаттың түпнұсқасы кеден декларациясымен және кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін қажетті басқа да құжаттармен бірге табыс етіледі.

2. Егер сертификат тиісінше ресімделген болып табылмаса (тазартулар, бояулар немесе расталмаған түзетулер болса, қажетті қолдар мен мөрлер болмаса, сертификаттағы мәліметтер олардың декларацияланатын тауарларға қатысын анықтауға мүмкіндік бермесе, сертификатта тауарлардың шығарылған елі не олардың негізінде тауарлардың шығарылған елі туралы қорытынды жасалған өлшемдер нақты көрсетілмеген болса, егер осындай өлшемдер халықаралық шарттарға немесе Тараптар заңнамасына сәйкес міндетті түрде көрсетілу керек болса) тауарды әкелу елінің кеден органы сертификатты куәландырған уәкілетті органға немесе тауар шығарылған елдің құзыретті органдарына сертификаттарды жай тексеруге байланысты өтініштерді қоса алғанда, қосымша не нақтылаушы мәліметтерді хабарлау жөнінде дәлелді өтінішпен жүгіне алады.

Тауардың шығарылуын растайтын құжаттар және/немесе мәліметтер табыс етілгенге дейін тауар сол тиісті елде шығарылған болып есептелмейді.

3. Сертификатты немесе тауардың шығарылуы туралы мәліметтерді табыс етпеу кеден органдарына оны ұстау үшін негіздеме болып табылмайды.

4. Шыққан тегі анықталмаған тауарларға Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әкелу баждарының ставкалары қолданылады. Осы тауарларға қатысты кеден органы кедендік декларацияны қабылдаған күнінен бастап бір жыл өткенге дейін сол

тауарлардың шығарылған елін растауды алған жағдайда ұлттың ең қолайлы режимі қолданылуы (қалпына келтірілуі) мүмкін.

5. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары тауар осы мемлекет үшін қолданылатын халықаралық келісімдерге және/немесе оның заңнамасына сәйкес тауарлары әкелу еліне өткізуге жатпайтын елден шығарылған деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде ғана тауарды өткізуден бас тартуы мүмкін.

11-бап. Шыққан елін растауды ұсыну талап етілмейтін жағдайлар

Е г е р :

Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарына әкелінетін тауарлар кеден органы тауарларын Тараптардың бірінің тиісті мемлекетіне әкелуге немесе осы мемлекеттің халықаралық шарттарына немесе заңнамасына сәйкес оның аумағы арқылы транзитін тыйым салынған ел тауарлардың шығарылған елі болып табылатындығының белгілерін анықтаған жағдайларды қоспағанда, халықаралық кедендік транзит кедендік режиміне немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босата отырып уақытша әкелу кедендік режиміне сәйкес әкелінетін болса;

егер бір жөнелтуші бір уақытта бір алушының мекен-жайына жөнелткен, кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың жалпы кедендік құны Тараптардың бірінің тиісті мемлекетінің заңнамасында белгіленген сомадан аспайтын болса;

егер жеке тұлғалар тауарларды жеке және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттар үшін кедендік шекара арқылы өткізетін болса;

Тараптар мемлекеттерінің халықаралық шарттарында және/немесе заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда шыққан тегін растауды ұсыну талап етілмейді.

12-бап. Қорытынды ережелер

Шығарылған елін айқындау ережесі Тараптар мемлекеттерінің экономикалық және сауда қызметі жағдайындағы өзгерістер аясында олардың баламалық дәрежесін айқындау мақсатында кемінде үш жылда бір рет қайта қаралуға тиіс.